

**Диссертациялық кеңестің 2025 жылғы жұмысы туралы
ЕСЕП**

**«ҚДСЖМ» Қазақстандық медицина университеті жанындағы 6D110100
- «Медицина» мамандығы және 8D10141 «Медицина» білім беру
бағдарламасы бойынша
Диссертациялық кеңес**

Диссертациялық кеңестің төрағасы м.ғ.д., профессор Т.С. Нургожин. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2025 жылғы 03 наурыздағы №305 бұйрығымен бекітілген. Диссертациялық кеңестің өкілеттік мерзімі 2028 жылғы 3 наурызға дейін.

Диссертациялық кеңеске «Медицина» мамандығы және «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша диссертацияларды қорғауға қабылдауға рұқсат етілген.

1. ӨТКІЗІЛГЕН ОТЫРЫСТАР САНЫ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР. Есепті кезеңде 9 отырыс өткізілді.

2. ОТЫРЫСТАРДЫҢ ЖАРТЫСЫНАН АЗЫНА ҚАТЫСҚАН ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІНІҢ ТЕГІ, АТЫ, ӘКЕСІНІҢ АТЫ (БАР БОЛСА). Диссертациялық Кеңестің барлық мүшелері кем дегенде 3 отырысқа қатысты. Осылайша, есепті кезеңде Диссертациялық кеңес отырыстарының жартысынан азына қатысқандар жоқ.

3. ОҚУ ОРНЫ КӨРСЕТІЛГЕН ДОКТОРАНТТАР ТІЗІМІ.

№ №	Докторанттың Т. А. Ә.	Диссертацияны ң атауы	Ғылыми кеңесшілер	Оқу орны	Жоспар. қорғау күні	Нәтижесі
1	Гаухар Надирбековна Мошкалова	Патогенетическ е аспекты нарушения рецептивности эндометрия у пациенток с репродуктивным и потерями	Алмагуль Медеубаевна Курманова – м.ғ.д., профессор, эл-Фараби атындағы ҚазҰУ Акушерлік және гинекология кафедрасының меңгерушісі. Алия Робертовна Аимбетова – м.ғ.д., «Акушерлік, гинекология және перинатология ғылыми орталығы» АҚ Басқарма	«ҚДСЖМ» Қазақстанды қ медицина университеті	30 сәуір 2025	2025 жылғы 30 маусымдағы № 1048 бұйрық

			Төрағасының клиникалық жұмыс жөніндегі орынбасары. Шетелдік ғылыми кеңесші: Zeliha Selamoglu – Professor, Professor & Chairperson, Department of Medical Biology, Nigde Ömer Halisdemir University Nigde, Turkey.			
2	Айнура Муратбаевна Мусакулова	Иммунологическ ие и генетические особенности эндокринной офтальмопатии	Айгүль Владимировна Балмуханова – м.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі, Caspian University «International School of medicine» хирургиялық пәндер кафедрасының менгерушісі; Гульнур Сагиндыковна Жунусова – PhD, қауымдастырылғ ан профессор, «Генетика және физиология институты» ШЖҚ РМК Бас директоры. Шетелдік ғылыми кеңесші: Санжар Ботирович Мадрахимов – PhD, дәрігер- офтальмолог, «Дуне Куз» клиникасының хирургы, Ташкент қ., Өзбекстан.	«С.Ж. Асфендияро в атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті » КеАҚ	2025 жылғы 23 мамыр	2025 жылғы 23 шілдедегі № 1252 бұйрық
3	Севара Хабибуллаевна Ильмуратова	Значимые показатели состояния здоровья детей, родившихся в результате	Вячеслав Нотанович Локшин – м.ғ.д., профессор, Қазақстан Ұлттық ғылым	«ҚДСЖМ» Қазақстанды қ медицина университеті	2025 жылғы 24 қазан	

		применения вспомогательных репродуктивных технологий и принципы их ведения.	академиясының академигі, Қазақстанның репродуктивті медицина қауымдастығының (ҚРМҚ) президенті және «PERSONA» халықаралық репродуктология клиникалық орталығының бас директоры. Лязат Нурбапаевна Манжуова — м.ғ.к., доцент, «Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы» АҚ ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі Басқарма төрағасының орынбасары. Шетелдік ғылыми кеңесші: Продеус Андрей Петрович — м.ғ.д., профессор, Мәскеу облысы Денсаулық сақтау министрлігінің бас балалар аллерголог-иммунологы, Мәскеу облысы Денсаулық сақтау министрлігінің Балалар ғылыми-зерттеу клиникалық институтының балалар аллергологиясы мен иммунологиясы аймақтық орталығының ғылыми жетекшісі.			
--	--	--	--	--	--	--

4. МЫНАДАЙ БӨЛІМДЕРІ БЕЛГІЛЕНІП КӨРСЕТІЛГЕН, ЕСЕПТІ ЖЫЛ АҒЫМЫНДА КЕҢЕСТЕ ҚАРАЛҒАН ДИССЕРТАЦИЯЛАРҒА ҚЫСҚАША ТАЛДАУ

1. **Ізденуші Гаухар Надирбековна Мошкалованың** диссертациясы репродуктивтік жоғалтулары бар пациенттерде эндометрий рецептивтілігінің бұзылуының патогенетикалық аспектілеріне арналған.

Диссертация тақырыбы: Патогенетические аспекты нарушения рецептивности эндометрия у пациенток с репродуктивными потерями.

Ғылыми кеңесшілер:

1. Алмагуль Медеубаевна Курманова – м.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Акушерлік және гинекология кафедрасының меңгерушісі.

2. Алия Робертовна Аимбетова – м.ғ.д., «Акушерлік, гинекология және перинатология ғылыми орталығы» АҚ Басқарма Төрағасының клиникалық жұмыс жөніндегі орынбасары.

Шетелдік ғылыми кеңесші: Zeliha Selamoglu – Professor, Professor & Chairperson, Department of Medical Biology, Nigde Ömer Halisdemir University Nigde, Turkey.

Рецензенттер:

1. Шолпан Кенесовна Карибаева – м.ғ.к., акушер-гинеколог, PERSONA халықаралық репродуктология клиникалық орталығының бас дәрігері;

2. Гуляш Алтынгазиновна Танышева – м.ғ.к., қауымдастырылған профессор, “Семей медицина университеті” КеАҚ А.А. Козбағаров атындағы Акушерлік және гинекология кафедрасының меңгерушісі.

1. *Қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау.* Жұмыс созылмалы эндометрит, жұқа эндометрий және ЭКҰ бағдарламаларындағы қайталамалы имплантация сәтсіздіктері кезінде эндометрий рецептивтілігінің бұзылуымен байланысты репродуктивтік жоғалтулардың себептерін зерттеуге арналған. Негізгі назар имплантацияның жеткіліксіз қалыптасуындағы «жатыр факторының» және иммундық механизмдердің рөліне аударылған.

Зерттеу тақырыбы эндометрий рецептивтілігінің ықтимал молекулалық маркерлері ретінде иммундық жауап гендерінің экспрессиясын талдауға бағытталған, бұл ЭКҰ-ға дайындықты дараландыру және қосалқы репродуктивтік технологиялардың тиімділігін арттыру тұрғысынан жоғары клиникалық маңызға ие.

2. *Диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.* Зерттеу 2022-2024 жылдар аралығында «Әйелдердің репродуктивтік денсаулығының бұзылыстарын молекулалық диагностикалау әдістерін әзірлеу» ғылыми-техникалық бағдарламасы аясында (ИРН AP14870089) жүргізілді.

3. *Диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.* Зерттеу нәтижелері «Акушерлік, гинекология және перинатология ғылыми орталығының» практикалық қызметіне енгізілді (енгізу актілері №6-21 – 19.10.2023 ж., №1-15 – 10.01.2025 ж.), сондай-ақ «Қалалық адам репродукциясы орталығының» қызметіне енгізілді (енгізу актілері №3-20 – 18.09.2023 ж., №3-21 – 18.09.2023 ж.).

2. **Ізденуші Айнура Муратбаевна Мусакулованың** диссертациялық жұмысы эндокриндік офтальмопатияның иммунологиялық және генетикалық ерекшеліктерін зерттеуге арналған.

Диссертация тақырыбы: Иммунологические и генетические особенности эндокринной офтальмопатии

Ғылыми кеңесшілер:

1. Айгуль Владимировна Балмуханова – м.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі, Caspian University «International School of medicine» хирургиялық пәндер кафедрасының меңгерушісі;

2. Гульнур Сагиндыковна Жунусова – PhD, қауымдастырылған профессор, «Генетика және физиология институты» ШЖҚ РМК Бас директоры.

Штелдік ғылыми консультант: Санжар Ботирович Мадрахимов – PhD, дәрігер-офтальмолог, «Дуне Куз» клиникасының хирургы, Ташкент қ., Өзбекстан.

Рецензенттер:

1. Жанай Айкинович Аканов – м.ғ.к., «Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институты» АҚ дипломнан кейінгі білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Диабетті зерттеу жөніндегі Азия қауымдастығы атқару комитетінің мүшесі;

2. Мухит Аскарлович Кулмаганбетов – MD, PhD, Көз және көруді зерттеу орталығының (CEVR) аға ғылыми қызметкері, Гонконг, Қытай Халық Республикасы.

1. *Қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау.* Жұмыс қалқанша безінің дисфункциясымен байланысты аутоиммундық ауру ретінде эндокриндік офтальмопатияның иммунопатогенезін зерттеуге арналған. Зерттеуде қабынуға қарсы әсері бар IL-17 провоспалителді цитокині мен қабынуға қарсы интерлейкин-38-дің эндокриндік офтальмопатия кезіндегі қабынулық және аутоиммундық реакциялардың қалыптасуындағы рөліне негізгі назар аударылған.

Зерттеу тақырыбы цитокиндік тепе-теңдікті, Th17-тәуелді механизмдердің қатысуын және иммундық жауаптың реттеуші жолдарын талдауды, сондай-ақ IL-17 және IL-38 гендерінің генетикалық полиморфизмдерін аурудың белсенділігі мен ауырлығын сипаттайтын әлеуетті маркерлер ретінде зерделеуді қамтиды. Жұмыс өзектілігімен ерекшеленеді және эндокриндік офтальмопатияның иммуногенетикалық

механизмдерін тереңірек түсінуге, соның негізінде диагностиканы жетілдіруге, аурудың болжамын нақтылауға және дербестендірілген терапиялық тәсілдерді әзірлеуге бағытталған.

2. Диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы. Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссиясы бекіткен – Өмір және денсаулық туралы ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді.

3. Диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау. Зерттеу нәтижелері Қазақ көз аурулары ҒЗИ (№135, 18.03.2025 ж.), Эндокринология институты (№2, 03.03.2025 ж.), Алматы облыстық көпсалалы клиникалық ауруханасының тәжірибесіне және Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Медицина және денсаулық сақтау факультетінің» оқу процесіне енгізілді.

3. Ізденуші Севара Хабибуллаевна Ильмуратованың диссертациясы қосалқы репродуктивтік технологиялар көмегімен дүниеге келген балалардың денсаулық жағдайын зерттеуге арналған.

Диссертация тақырыбы: Значимые показатели состояния здоровья детей, родившихся в результате применения вспомогательных репродуктивных технологий и принципы их ведения.

Ғылыми кеңесшілер:

1. Вячеслав Нотанович Локшин – м.ғ.д., профессор, Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстанның репродуктивті медицина қауымдастығының (ҚРМК) президенті және «PERSONA» халықаралық репродуктология клиникалық орталығының бас директоры.

2. Лязат Нурбабаевна Манжуова – м.ғ.к., доцент, «Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы» АҚ ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі Басқарма төрағасының орынбасары.

Шетелдік ғылыми кеңесші: Продеус Андрей Петрович – м.ғ.д, профессор, Мәскеу облысы Денсаулық сақтау министрлігінің бас балалар алерголог-иммунологы, Мәскеу облысы Денсаулық сақтау министрлігінің Балалар ғылыми-зерттеу клиникалық институтының балалар алергологиясы мен иммунологиясы аймақтық орталығының ғылыми жетекшісі.

Рецензенттер:

1. Владислав Станиславович Корсак – м.ғ.д, профессор, жоғары санатты дәрігер акушер-гинеколог, Ресей адам репродукциясы қауымдастығының (РАРЧ) клиникалық ұсынымдарын әзірлеуші сарапшылар тобының («Қосалқы репродуктивті технологиялар және жасанды ұрықтандыру» бойынша Ресей Федерациясының Денсаулық сақтау министрлігінің клиникалық ұсынымдары авторлары) жетекшісі.

2. Бибігүл Төлеубайқызы Тукбекова – м.ғ.д., профессор, "Қарағанды медициналық университеті" КЕАҚ Педиатрия және неонатология кафедрасының меңгерушісі.

1. *Қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау.* Жұмыс қосалқы репродуктивтік технологиялардың (ҚРТ) кеңінен енгізілуі және әлемде, соның ішінде Қазақстанда, осындай жолмен дүниеге келетін балалар санының артуы жағдайында ҚРТ-дан кейін туған балалардың денсаулығына әсер етуінің өзекті мәселесіне арналған. Зерттеу тақырыбы ҚРТ-ның алыс мерзімді медико-биологиялық салдарын талдауға, оның ішінде перинаталдық нәтижелерді, балалардың физикалық, когнитивтік, кардиометаболикалық, эндокриндік және иммундық денсаулық жағдайын бағалауға бағытталған.

Қазіргі ғылыми деректердің қайшылықты екендігі және ұзақ мерзімді, жүйелі бақылаулардың қажеттілігі атап көрсетіледі, бұл ҚРТ қолдану арқылы дүниеге келген балаларды мониторингілеу, профилактика және медициналық сүйемелдеу бойынша ғылыми негізделген тәсілдерді әзірлеудің өзектілігін айқындайды. Аталған тәсілдер медициналық көмектің сапасын арттыруға және демографиялық көрсеткіштерді жақсартуға бағытталған.

2. *Диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.* Диссертациялық жұмыс 2022-2024 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруы аясында жүзеге асырылған ИРН АР14872103 «Қосалқы репродуктивтік технологиялар нәтижесінде дүниеге келген балалардың соматикалық және психоэлеуметтік жағдайын анықтау, болжамдық модель мен балаларды жүргізу қағидағтарын әзірлеу» атты ғылыми-техникалық жоба шеңберінде орындалды.

3. *Диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.* Диссертациялық зерттеу материалдары аймақтық деңгейде қолданылады: PERSONA клиникасында, IRM және ПБХФО-да сәтті ҚРТ бағдарламасынан өткен әйелдердің медициналық жазбаларынан ғылыми зерттеу мақсатында ақпарат жинау кезінде. 2023 жылғы 5 мамырдағы №1, 2023 жылғы 11 мамырдағы №2, 2023 жылғы 13 маусымдағы № 6 енгізу актілері. Балаларды тексеру және ғылыми зерттеу аясында медициналық карталардан ақпарат жинау кезінде PERSONA клиникасында, IRM және ПБХФО-да. 2023 жылғы 5 мамырдағы №2, 2023 жылғы 11 мамырдағы №1, 2023 жылғы 13 маусымдағы № 5 енгізу актілері. Әдістемелік ұсыныстарды дайындау кезінде «Қосалқы репродуктивтік технологиялардың көмегімен туған балалардағы патологиялық жағдайларды болжау. Ерте жастағы жүргізу алгоритмі» (2024 жылғы 30 қазандағы № 496). Алматы қ. № 11 МЕ ШЖҚ КМК және Алматы қ. ДСБ № 8 МЕ ШЖҚ КМК енгізу актілері. С.Д. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-дың Амбулаторлық педиатрия кафедрасының 2 курс

резиденттеріне арналған оқу процесіне енгізілген, 2025 жылғы 9 маусымдағы №10 КОӘК отырысының хаттамасымен бекітілген

5. РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТЕРДІҢ ЖҰМЫСЫНА ТАЛДАУ (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып)

Диссертациялық жұмыстарға ресми рецензенттердің барлық пікірлері Диссертациялық кеңес туралы Үлгілік ереженің 5-қосымшасына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылы 31 наурыздағы Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережені бекіту туралы № 126 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 29 сәуірде № 6929 тіркелді) және "ҚДСЖМ" Қазақстандық медицина университеті" ЖШС Диссертациялық кеңесі туралы ережесіне (2022 ж.) сәйкес пікірлерге қойылатын талаптарға сәйкес жазылды және мерзімінде ұсынылды

Ресми рецензенттердің 13 критерийден тұратын пікірлерінде төмендегідей шешімдердің бірін көрсетеді:

- 1) философия докторы (PhD) дәрежесін беру немесе Комитет алдында философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасау;
 - 2) диссертацияны пысықтауға жіберу;
 - 3) философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.
- Диссертациялық кеңестің жұмысы кезінде сапасыз пікірлер болған жоқ.

6. ҒЫЛЫМИ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУ ЖҮЙЕСІН ОДАН ӘРІ ЖЕТІЛДІРУ ЖӨНІНДЕГІ ҰСЫНЫСТАР

"ҚДСЖМ" Қазақстандық медицина университеті" ЖШС жанындағы «Медицина» мамандығы және білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес мынадай ұсыныстарды ұсынады: Медицина саласындағы Диссертациялық кеңес ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында уақытша Диссертациялық кеңес мүшелері мен ресми рецензенттерге қойылатын талаптарды қайта қарау және саралау, сондай-ақ тартылатын сарапшылар аясын, оның ішінде сабақтас мамандықтар бойынша ғалымдар мен шетелдік мамандарды кеңейту мүмкіндігін қарастыруды ұсынады.

7. ФИЛОСОФИЯ ДОКТОРЫ (PHD), БЕЙІНІ БОЙЫНША ДОКТОР ДӘРЕЖЕСІНЕ ІЗДЕНУШІЛЕРДІҢ МАМАНДЫҚТАР БОЙЫНША ҚАРАЛҒАН ДИССЕРТАЦИЯЛАР ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР

	Мамандығы «Медицина»
қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	4 (1)
қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	1

рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);	-
қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-
пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-
қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-

Диссертациялық кеңестің төрағасы,

м.ғ.д., профессор

**Ғылыми хатшы,
м.ғ.д., профессор**

Handwritten signature



Т. Нұрғожин

Г. Асқарова